



1921 жылғы
қыркүйектен
шыға бастады

АКИНАТ

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - СӘЯСИ ЖУРНАЛ

Журнал 1976 жылы Халықтар Достығы орденімен, 2002 жылы Қазақстан
Журналистика Академиясының «Алтын Жұлдыз», 2008 жылы Қазақстан
Журналистер Одағының сыйлығымен марапатталды

№6, МАУСЫМ, 2013

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАН ҚӘРІМНІҢ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ АУДАРМАЛАРЫ

Құран Қәрім бүтінгі деңін әлемнің көптеген тілдеріне «аударылған»¹. Алғашқы аударма жұмыстары Х ғасырдың екінші жартысында қолға алғынған мәлім. Жоғарыда айтылған кезең – саманилердің заманына параллел. **Бұл уақытта Құран парсы тіліне аударылды.** Самани князьдарының бірі – Әмір Мансур бин Нух (961-976) кезеңінде мәуеренинхарлық галымдардан құралған комиссия алғашқы Құран Қәрімнің аудармасын әзірлеген. Бұл аударма Табаридің Құран Қәрім тәспірі негізіндегі алышып, қазіргі Өзбекстаның Бұхара қаласында жасалды. Атаптың аударма жұмысы созбе-сөз аудару тәсіліне негізделіп жасалған. Аудармада парсы тіліндегі сөздерге мән берілмей, парсы сөйлемінің құрылымы негізге алышып, арабша сөздердің астына жазылды[1].

Түркілер Ислам дінін қабылдағаннан кейін аударма жұмыстарын қолға алулары әбден ықтимал, алайда бұл жұмыстар бірігіп жасалмаған болуы керек. Бұл аудармалар кей сурелердің ауызша аудармасынан тұрады. Түркілер арасында бірігіп жасалған аударманың алғашқы рет кімнің таралынан және қашан жасалғаны жайлы дерек қалмаган.

Түркі тіліндегі Құран Қәрім парсы аудармаларының негізінде жасалған болатын. Ахмет Зәкі Уәлиди Тоган 1914 жылы Бұхара хандығына жасаған экспедициясында Құран Қәрімнің түркіше аударылған колжазбасын табады. Бұл алғашқы түркіше аударманы, ол парсы тіліндегі аудармамен бір кезеңде жасалғаны жайлы тұжырым айтады. Оның ойынша, бұл колжазбасы тәржімалаган кісі алғашқы парсы тіліндегі аударма жасаған комиссияда болған исфиджабтық Аргу Түркі болуы әбден ықтимал. Бұл тұжырыммен келіскеушілік белдірген Фуат Контул алғашқы түркі тіліндегі аударма XI ғасырдың бірінші жартысында жасалғаны айтқан. Абдулқадір Инан да Қөптрүл айтқан тұжырымды мақұлдады.

Түркі тілінде аударылған алғашқы Құран Қәрім қараханид тілінде қолға алғынған болатын. Кейін X-XVI ғасырлар арасында хорезм және шағатай тілдеріне аударылған Құран Қәрім колжазбалары табылды. Шығыс түркі тілінде жазылған атаптың шығармалардан басқа батыс түркі тілінде де жазылған аудармалар барылышқ. Айсу Ата бұл

аудармалардың жалпы саны сексен үшке жететінін айтады [2].

Ердоған «**Құран Қәрім аудармаларының тілдік жағынан маңызы**» атты макаласында 1333-1334 жж. ширадық Мұхаммет бин Хажы Девлетшахтың қаласынан шыққан Құран Қәрім аудармаларының нұсқасын ең көне колжазба ретіндегі көрсетеді. Бұл нұсқа Ширада жазылған болуы тиис. Туркіше аудармалар араб сөздерінің астына жазылып отырған. Янос Экманн Құран Қәрімнің шығыс түркі тілінде аударылған шығармаларға көтүсті жазған макаласында бұл туындының шығыс түркі тіліндегі жазылған ең көне аудармасы болуы мүмкін екендігін айтады. Сонымен көтөр, тілдік жағынан XII-XIII ғғ. қараханид дәуіріндегі Орта Азия исламдық түркі тілінің ерекшеліктерінің бар екендігін жазған [3]. Абдулқадір Инан бұл нұсқаның XIV ғасырда жазылғанын тұжырымдайды [4]. Ал, Гүлден Саол болса, «Хорезм тіліндегі жазылған Құран аудармасы» атты макаласында араб және парсы сөздері аз кездесетін аты атаптың аударманың жазылу уақытын XIII-XIV ғасырларға жатқызады және негізгі тілінің қараханид тілі болғанына қарамастан, бұл еңбекте оғыз-қыпшақ элементтерінің кездескенін баяндаған болатын [5].

Жоғарыда аты атаптың Құран Қәрім аудармасынан кейін жасалған тағы бір тәржіма, қазір Таңкентте Өзбек Ғылым Академиясында 2854 номірімен сақтаулы. А.А.Семенов бұл шығармандың XIII ғасырға көтүсті екендігін және ондагы араб тіліндегі мәтіннің созбе-сөз аударылғанын айтады. Тілі – қараханид дәуірінің Орта Азия исламдық түркі жазба тілінде жатады. Шығыс түркі тіліндегі жазылған бір аударма жұмысы Англияның Манчестер қаласындағы Дж. Риландс кітапханасында араб тіліндегі жазбалар болып табылады. Бұл аударманың толық нұсқасы 30 томнан тұрады, дегенменен, қолда бары – 14 қана. Айсу Ата бұл аударманы Түрік тілі Қоғамының баспасында 2004 жылы жариялаған болатын. Атанаң айтудына қарағанда, 1145 беттен құралған Риландс нұсқасында бірнеше ерекшеліктер бар. Колжазба әр бетіндегі үш қатардан тұратын арабша, парсыша және түркіше мәтіннен құралғандықтан ауқымды нұсқа болып табылады. Бұл кітаптың қай жерде, қашан жазылғаны және оның аудармашысы кім екені жайлы мәлімет жоқ. Мәтіннің сөздігін құраған ғалым Экманнның ойынша, бұл туынды қараханид тілінің соңғы, хорезм тілінің алғашқы дәуірінде жарыққа шыққан болуы тиис. Тағы да Экманнның сөзіне сүйенер болсақ, тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, оның XIII ғасырдың екінші жартысы-XIV ғасырдың алғашқы жартысында жазылған деген тұжырымға келеміз. **Басқа бір нұсқасы Хәкімұлы Али Паша Мешітінің Сүлеймание Кітапханасында**

1. Қасиетті кітаптың араб тіліндегі аудармасын ешбір тілде тұра жасай алмаймыз. Осы себепті, қазіргі кезде, оның тек қана «тәспір», яғни, түсініктемесі жасалады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырыш, қараханид кезеңінде Құран сөзбе-сөз аударылған деген тұжырымға келеміз. Соңықтан, бұл зерттеу жұмысында «тәспір» сөзінің орнына «аударма» сөзін колданғанды қосы көрдік.

III. БЕГІМТАЕВ. Қасиетті Құран Қәрімнің түркі тіліндегі алғашқы аудармалары

2-нөмірмен тіркелген. Осы нұсқаны Гүлден Соол Гарвард Университетінің Тағу Шығыс тілдері мен мәдениеті болімінің баспасында 1993 жылы жариялаган болатын. Соолдың айтыс бойынша, атамыш нұсқа толығымен дерлік толықтырулардан күралған. Рейхани Несих жазған бұл шығарма: арабша тоғыз қатар, түркіше тоғыз қатар, жалпы он сегіз қатардан тұрады. Осы туынды хорезм тіліндегі қолға алынған.

Бұлар шығыс түркішесіне жасалған сөзбес-сөз аудармалар. Оған коса, тәпсірлер де бар. Солардың алғашқысы, Санкт-Петербург қаласының мұражайында сактаулы түр. Осы нұсқаны 1914 жылы Ахмет Зәки Үәлиди Тоған Түркістан аймагынан тапқан еді. Бұл шығарманы кім жөнекашан жазғаны белгісіз. Фуат Кепрүлүнің еңбектерінде осы тәпсір Эмір Темір кезеңінде жазылған деп көрсетіледі [6]. Осы аудармандың езіне тән ерекшелігі – мағынасының сөзбес-сөз жеткізуімен коса, сурелерге қатысты тәпсір мен хикаялардың да болуы. Тәржіманың жазба тілінде де ерекшелік бар. Экманн тәпсірлі аудармандың жазба тілі қараханид тілі екендігін, дегенмен тәпсір мен хикаялар үшін қылшак, оғыз және де шағатай тілдері элементтерінің колданылғандынын айтады. Соңдықтан, атамыш тәржіманың XV ғасырдан бұрын жазылуының мүмкін емес екенин алға тартады. Бартольд осы тәпсірлі тәржіманың Мәуереннахда жазылғандығын айтЫп өткен. Абдулқадір Иinan аты атап шығармадағы тәпсір мен хикаялар тілінің хорезм тіліндегі «Нахжу-л-фаридистен» еш айырмашылығы жоқ екенин, ең аяғында оғызы тілі элементтерінің көбірек колданылғандығын көрсетеді. Ал шығарма сөздігін дайындаған Боровков ондагы тілдің «Мұқаддимату-л-әдәб» енбегіне жақын екендігін айтады. Зейнеп Қоркмаз «Марзубаннаме аудармасы» атты енбегіндегі тәпсірдің қараханид тілінен хорезм тіліне өткен кезеңінде жазылған шығарма екендігін жазған [7]. Ал, екінші тәпсірлі тәржіма XVI ғасырда Шайбани Хандығы кезеңінде жазылған. Бұл шығармандың екі нұсқасы бар. Оның алғашқысы – Топқапы Сарайы кітапханасының III Ахмет бөлімінде 16-нөмірмен сактаулы түр. Осы нұсқаның жазылған уақыты 1543-1544 ж. арасы, ал, екінші нұсқасы Кония қаласындағы Мәулана мұражайының кітапханасында сактаулы. Оның жазылу уақыты – 1544 жыл.

Абдулқадір Иinan Кония нұсқасын зерттей отырып, оның өзбек хандарының бірі – Ұбайдолла кезеңінде жазылуы мүмкін екендігін тұжырымдайды. Топқапы нұсқасы бойынша докторлық диссертация дайындаған Хамза Зұлфикар атамыш еңбектегі дәйектерге сүйене не отырып, оның Ұбайдолла хан кезеңінде, балқім оның бүйрекшімен тушиұсқаға негізделе отырып жазылуы мүмкін екендігін алға тартады. Қасиетті Құран Қәрім Шығыс мәдениетінің да мұнын зор ықпал еткен болатын. Бұл қасиетті кітапты аудару Ислам дінінің көптеген халықтар арасына таралуын қамтамасыз еткен. Ислам ғалымдары Құран кітабының аудармасына үшкен мән бергендейктен, бұл кейінгі заманда Құран

тәпсірінің жеке Ислам ғылымы болып бөлініп шығуна себепші болды [8]. Тамыры тереңге жайылған тілге ие түркі халқы – қараханидтер заманында Сатық Әбділхан кезеңінде Ислам дінін қабылдады. Бұл жағдай түркі тілі әдебиетінің өткелі кезеңіне айналды. Үйгырлардың дінін өзгертуі тіл мен әдебиетіне қандай әсер еткен болса, дәл сол сияқты Ислам діні де қараханидтердің тілі мен әдебиетіне де ықпалын тигізбей қоймады. Өз діндеріне құрмет көрсеткен түркі халқы қасиетті Құран Қәрімді тусінүүшін араб тілін білуге тиіс еді. Алайда, бұл тілді әр адамның үйренуі мүмкін болмагандықтан, Құран Қәрімді аудару колға алынған болатын.

Алғашқы Құран Қәрім аудармаларының түркі тілі тарихы үшін маңызы өте зор. Өйткені, бұл аудармаларда сол кезеңде қолданылған тілдік күрьымын сақталған. Алғашқы аудармаларда араб жөнекашан жаңа сөздердің саны айтарлықтай көп емес. Бұл зерттеліп отырган кезеңде түркі тілінің маңызды болғанын көрсетеді. Аудармалардағы жаңадан пайда болған сөздер мен сөз жасау тәсілдерін көре аламыз және сол кезеңдегі сөз байлығын да байқаймыз. Құранды аудару кезеңде арабша терминдер қараханид тілінде аударылып, ал, баламасы табылмаған болса, жаңа сөздер жасалып отырган. Құран Қәрім Алланың сөзі болғандықтан, бұл аударма ісін қолға алғандардың күн жасаудан корықандықтан аудармаларына өте тиянақты қараған болатын. Осының арқасында аударма мәтіндерінің жоғары сапада жасалғандығына күмән болмауы керек. Араб жөнекашан жаңа сөздердің түркіше дұрыс мағыналары берілгендейтін, бұл зерттеушінің жұмысын біршама жеңілдеткен болатын. **Мұнымен** коса, бұл аудармалар арқылы адамдардың Алла сөзін жақсырақ түсінүлөріне жол ашылып, түркілердің мұсылман болуының бір себебі болды. Аты атап шығармаларда дінін терминдерді түсіндіру арқылы қогамға гибадат етудің принциптерін үйрену жөнілдеген еді. Құран Қәрімнің сөздік қоры басқа тілдерден алынған сөздерге тікелей балама берілгендейтін тілдік түрғыдан өте маңызды жұмыс болып табылады. **Бұл аудармалар түркілер Ислам дінін қабылдағанинан** кейин Ислам дінімен келген жаңа түсініктедің халыққа қалай жеткізілгендейтін көрсетуі мен көне зерттеулер жөнекашан сөздік түрғысынан қолда бар деректердің ішінде ең сенімді құжат ретінде қарастырылады. Құран сыйнды аударылуы киын мәтіндердің түркі тілінде жеткізе алғандығын айын көрсететін атамыш еңбектер арабша сөздерге балама табылуы, сол уақыттағы түркі тілінің өте бай болғандығын көрсетіп отыр.

Құран тәржімасы арқылы түркі тілінде жаңа исламдық соң түркестері мен түсініктеп пайда болады. Риланде нұсқасында жаинат, тозак, пайғамбар, Алла сияқты түсініктедің баламасы ретінде Тәңіршілдік кезеңінен калған үстәмә, тамуг, үалава, Тengri сыйнды түркі тіліндегі сөздер қолданылған. Абдулқадір Иinan езинің «Makâleler ve İncelemeler» атты кітабының

Галым мінбері

II томында түркі аудармаларының маңызы жайында былай дейді: «осы Құран тәржімалары Исламнан кейінгі түркі тілінің дамуында көрініс тапқан жаңа бағытты. Ислам діні арқылы келген жаңа түсініктерді жеткізу үшін Исламнан бұрынғы түркі мәдениеті кезеңінің тіл қорынан (Буддизм, Манихеизм, Шаманизм) терминдерін қалай пайдаланғандығын көрү тұрғысынан маңызды дәйектер бере алды».

«Kur'an'ın Türkçesi Tercüme ve Tefsirleri Üzerinde Yapılan Çalışmalar» атты жұмысында Гүлден Саол атальмын Құран Кәрім аудармалары жайлы жазылған 107 еңбекті жеке-жеке атап көрсетеді. Суат Үніл Құранда кездесстін о дүниеге қатысты жер-су атауларының алғашқы аудармаларда қалай аударылғанын салыстырмалы түрде көрсетеді[9]. Осы еңбекке қараша отырып, діни араб терминдері қандай аудармада, қалай аударылғанын немесе қай арабша нұсқасы қабылданғанын көре аламыз. Ахмет Акчаташ болса, Ата зерттеген Риландс нұсқасы бойынша араб тіліндегі терминдердің қараханид тіліндегі баламасын көрсеткен. Сол кезеңде түркі тілінде жоқ ислами терминдердің пайды болу жолдарын, осы жұмыс арқылы көре аламыз. Акчаташтың мақаласы өз алдына Суаттың мақаласына толькытуры болады.

Ахмет Бижан Ержиласун қарахан тілінде жазылған енбектердегі сөздерді жинап, ортақ сөздерді боліп, қақания (қарахан) тілінің сөздік қоры шамамен он мыңдан асқандығы туралы болжам жасаған. Ахмет Бижан Ержиласунның болжамын ғалым Емек Ушемнез қайта санаған, қарахан тіліндегі сөздік қордың 11519 сөзден тұратынын дәлелдеген. Сонын шіліде қараханидтер деуірінде жасалған Құран Кәрім аудармасындағы кірме сөздердің саны 534-ке жеткен: 357 сөз – араб тілінен, 177 сөз – парсы тілінен еніп, жалпы алғанда 27 пайызды құраган[10]. Сөзбе-сөз аударылған, осы шығармаларда Ислам дініндегі бірқатар түсініктердің түркіше баламасы болмаған жағдайда

жана сөз жасау жолы арқылы түркі тіл қоры байып отырған. Түркі тілінде діни терминдерді жасау үрдісі ете сәтті болғанымен кетар, жаңадан пайда болған сөздер көбінесе -мак /-мек журнақтары назарымызды аударуда[11]. Алға Тағаланың 99 атының түркі тіліндегі баламалары да алғашқы рет осы аудармаларда қолданылуы бұл жұмыстың маңызын арттырады.

Achgan=Фәттах, Arig=Күддус, Bilgen=Хәбир, Bir Ök=Үәхит, Eşitgen=Сәмиә, Bagırsak=Рауф, Bütün İslig=Хәким, Ken İslig=Үәсиә, Kondürgegen=Һәди, Küdezgen=Хафиз, Ked Rahim=Rahim, Köni İslig=Хәким, Könül Urgan=Mutәүеккүл, Küçlü Ugan=Қадир, Munsuz=Ғаний, Rûzî Bergen=Rахман, Üküs Bergen=Үәһнәб, Arig Tanrı=Cубхан, Sakiş Kilguci=Хәсіб, Tüzün=Хәлим, Urgan=Хабир, Üküs Ortgen=Ғаффар, Yarlıkagħi=Rахим, Yinecke Körüğli=Латиф, Yüksek=Әлий, Ugan=Қадир, Ulug=Кәбир, Yaralgan=Бәрий.

Осылай сөз түдірү әдістері және ескі кезеңге жататын діни терминдердің қолданысы түркі тілінің баю тұрғысынан ете маңызды, бірақ араб тілінің сөйлем күрылымы түркішениң сөйлем күрылымынан өзгеше болғандықтан сөзбе-сөз аударма әдісі түркі тіліндегі тілдік күрылымына зиян келтірген. Бұл парсы тілінен жасалған аудармаларда да көрініс тапқан[12].

Түркі тілінде жазылған алғашқы Құран аудармалары туралы қазақ тілінде жазылған дерек мүлдем жоқ деу болады. Түрк және ағылшын тілінде біршама зерттелген атальмыш маселе Казақстан шілін тың шығармалардың бірі болып отыр. Бұл аудармалардан көйтеген тарихи шындықтар табылады. Осы тұрғыдан бұл шығармаларды зерттеудің маңызы зор.

**Шыңғыс БЕГІМТАЕВ,
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ түркология кафедрасының
магистранты.**

ПАЙДАНАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Ölmez, Mehmet. «Türk Dilleri Araştırmaları.» *Türkçede Dini Tabirler Üzerine*. İstanbul, 2005.
Ata, Aysu. «Türkçe İlk Kur'an Tercümesi-Karahانlı Türkçesi.» Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2004.
Eckmann, János. «"Eastern Turkic Translations of the Koran".» 135. Budapest: Studia Turcica, 1971. 135-6.
A. İnan, «"Eski Türkçe Üç Kur'an Tercümesi"», » *Türk Dili I*, 6 Nisan 1952.
G. Sağol, «Harezm Türkçesi Satır Arası Kur'an Tercümesi,» Harvard, Harvard Üniversitesi Yakındıgo Dilleri ve Medeniyetleri Bölümü Yayınları, 1993, p. Giriş.
Z.V.Togan. Mahmut Kasgarlıya Ait Notlar. İstanbul, 1932.
Akçataş, Ahmet. «Karahanlı İlk Kur'an Tercümesi Sözlüğünün Söz Denizinde Bir Gezi.» *Turkish Studies*, summer 2009
Исмаилзаде, Мирза Расул, «О переводах Корана на тюркские», //Истоки//. 2004. 38-40-66.
ÜNLÜ, Suat. «İlk Türkçe Kur'an Tercümelerinde Uhrevi Yer Adları.» *Turkish Studies*, 6 Spring 2011.
ÜŞENMEZ, Arş. Gör. Emek. «Türkçe ilk kur'an tercümesi ve tercümedeki - mak/-mek eki hakkında.» *Uluslararası Hakemli Sosyal Bilimler E Dergisi*, no. 14 (2008).
Üşenmez, Emek. «Karahanlı Eserlerindeki Söz Varlığı Hakkında.» *Akademik İncelemeler* 3, № 1 (2008).
А.А.Семенов. «Собрание Восточных Рукописей», Ташкент: АН УзССР, 1957.

Бұл мақалада алғашқы түркі тіліндегі Құран Кәрім аудармалары жайлы сөз қозғалады. Бұл шығармалар қараханид кезеңінде түркі тілінің байлығын, сөздік қорын және басқа тілдерден енгін сөздерді анықтауға мүмкіндік береді.